

## МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге балаларды көркемдік шығармашылығын дамытуға ықпал ету, экологиялық мәдениетке, тазалыққа, шығармашылық жұмысқа баулып, олардың рухани дамуына әсер ету; табиғатты аялау мақсатында 2023 жылдың 30 қарашасы күні М.Өзбеков атындағы мәдениет үйінің базасында сағат 10:00 де «Күзгі бал» атты аудандық байқауы өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай байқау ережесі қосымша жолданады.


Қосымша 3 парақ

Басшы

М.Базарова

Орындаған: А.Базарқұлова

Тел: 2-14-10



## «Күзгі бал» атты аудандық байқауының ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже «Күзгі бал» тақырыбындағы байқауының (бұдан әрі- Байқау) мақсаты мен міндеттерін , қатысушыларға қойылатын талаптар және байқауың өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы- «Жас натуралистер станциясы» КММ- сі

### II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

#### 2.1. Мақсаты:

- Балаларды көркемдік шығармашылығын дамытуға ықпал ету, экологиялық мәдениетке, тазалыққа, табиғатты аялау;
- Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың рухани дамуына әсер ету;
- Күз молшылық мезгілі. Сол арқылы балаларға еңбектің, молшылықтың қадірін түсіндіру.

#### 2.2. Міндеттер:

- экологияға қызығушылық танытқан оқушыларды анықтау және қолдау;
- жалпы экология негізінде өз жерін, аймағын, ауылын құрметтеуге тәрбиелеу.

### III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті:

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құралады (бұдан әрі- Ұйымдастыру комитеті).

Ұйымдастыру комитеті :

- Байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
- Байқаудың өткізу күнін белгілейді;
- Байқауға қатысу үшін өтінімдерді және қажетті материалдарды қабылдайды;
- Қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;
- Іс- шараның түрлерін анықтайды;
- Байқау нәтижесін талдайды және анықтайды;
- Байқаудың дайындығын, өткізу барысын және нәтижесін БАҚ –та жария етілуін қамтамасыз етеді.

3.2. Қазылар алқасы Байқау қатысушыларының жұмысын бағалайды, қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

- 3.3. Қазылар алқасы қатысушылардың ұсынған материалдары негізінде келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:
- жұмыстың белгіленген тақырыпқа сәйкестігі;
  - тақырыпты ашу деңгейі, баяндаудың логикаға сәкестігі;
  - сауаттылығы, мазмұны, әдеби мәліметтерді пайдалануы;
  - дерек пен дәйектің шынайылығы.

#### **IV .Байқаудың қатысушылары**

- 4.1.Байқау қатысушылары жалпы білім беретін мекемелер мен қосымша білім беру мекемелерінің 8-10 сынып оқушылары болып табылады.
- 4.2. Байқау қазақ тілінде өтеді.

#### **V. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

- 5.1. Байқау 2023 жылдың 30 қарашасы күні өткізіледі. Әр мектептен мекемешілік «Күзгі бал» байқауынан жеңіп шыққан 1 жұптан (ұл мен қыз) қатысады. Сұраныс хатты 2023 жылдың 27 қарашасына дейін Құлан ауылы , Абай көшесі №1 мекен- жайына өткізілуі тиіс.
- 5.2. Әділ қазылар шешімі қайта қарауға жатпайды.
- 5.3. Байқауға жіберілген материалдар мен жұмыстар кері қайтарылмайды.
- 5.4.Байқаудың өтетін орны:М.Өзбеков атындағы мәдениет үйінің базасында сағат 10:00 де.
- Ескерту: Байқау бойынша сұрақтарға 2-16-11, 8 747 870 70 08 номеріне хабарласуға болады.

#### **VI Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі**

- 6.1. «Үздік өлең»; (қатысушылар «Күз береке бастауы» тақырыбында өздері жазған шығармасы мен таныстыруын ұсынады)
- 6.2. «Үздік сән үлгісі»;(қатысушылар күзге байланысты қалдық заттардан киім үлгісін көрсетеді.
- 6.3. «Үздік өнер» (қатысушының таңдауы бойынша)

#### **VII Байқауға қойылатын талаптар**

- 7.1. «Үздік өлең»;(Қатысушы тақырыпқа сай өз өлеңін жолдайды)  
Бағалаудың негізгі кретерийлері:
- стилистикалық сауаттылық;
  - байқау тақырыбына сәйкестілік;
  - эмоционалдық әсер күші
- 7.2. «Үздік сән үлгісі» номинациясы  
Бағалаудың негізгі кретерийлері:
- тақырыпқа сай болуы;
  - күзгі заттарды пайдалану;
- 7.3. «Үздік өнер» номинациясы

- шеберлігі;
- сахна мәдениеті;
- киім үлгісі;
- мағыналылығы:

## VI. Байқаудың қортындысын шығару және марапаттау

8.1. Байқау жеңімпаздары бас жүлдемен және I, II, III дәрежелі дипломдармен алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталады.